

Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін ыстықтай тапталған болат бұрыштықтарға қатысты демпингке қарсы шараларды қолдануды ұзарту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 23 мамырдағы № 85 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 109-тармағының бесінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 3 қазандағы " Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін ыстықтай тапталған болат бұрыштықтарға қатысты демпингке қарсы шараларды қолдану туралы" № 133 шешімімен белгіленген демпингке қарсы шаралардың қолданылуы қоса алғанда 2023 жылғы 8 наурызға дейінгі аралыққа ұзартылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласында уәкілетті мемлекеттік органдары осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2023 жылғы 8 наурызға дейінгі аралықта алдын ала демпингке қарсы баждар алу үшін белгіленген тәртіпте Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 3 қазандағы № 133 шешімімен белгіленген ставкалар бойынша демпингке қарсы баж алуды қамтамасыз етсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2022 жылғы 3 шілдеден кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович